



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 44 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ескерткіш күміс монетаны айналысқа шығару туралы

2017 жылғы 29 желтоқсан

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2017 жылғы 29 желтоқсанда номиналы 500 теңгелік «proof» сапасымен Қазақстанның тұңғыш анимациялық фильмнің шығуына 50 жыл толуына арналған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ескерткіш күміс монетаны айналысқа шығарады.



Күміс монета кинокадр нысанында орындалған. 2017 жылы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты қазақтың тұңғыш анимациялық фильміне 50 жыл толады (режиссер Ә.Хайдаров және Қазақстанның алғашқы суретші-мультипликаторлар тобы – Э. Бейсейітов, Г. Дусенко, Ф. Мұқанов, Б. Калистратов, Е. Сұлтанбеков). 1968 жылы ол Ленинградтағы III Бүкілодақтық кинофестивалінде жүлдеге ие болды, ал 1975 жылы Нью-Йорктегі Халықаралық мультфильмдер кинофестивалінде «Қола Праксиноскоп» жүлдесін алды. Мультфильм шет тілдеріне аударылып, оны әлемнің 48 елі тамашалады. Мультфильм кинематограф әлемінде жоғары баға алды, ал отандық анимациялық фильмнің шығуы Қазақстан мультипликациясының туған күні атанды.

Монетаның кинокадр нысанында орындалған бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕНГЕ» деген жазба орналастырылған. Номиналдың сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан. Монетаның жоғарғы бөлігінде мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазба бар. Төменгі бөлігінде монета дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 24 g.» деген жазба және Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі бейнеленген. Сол жағында монетаның жиегінде анимациялық фильмнің экранға шығу жылы – «1967», оң жағында монета соғылған жыл – «2017» орналастырылған.

Монетаның сырт жағында анимациялық фильмнен стоп-кадрдың түрлі түсті бейнесі орналасқан. Сол бөлігінде монетаның жиегінде мемлекеттік тілде «ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ НЕГЕ АЙЫР» және орыс тілінде «ПӨЧЕМУ У ЛАСТОЧКИ ХВОСТ РОЖКАМИ» деген жазба орналасқан. Түсі түрлі түсті басу технологиясы арқылы орындалады. Қыры (гурты) тегіс, бедері мен жазуы жоқ.

Монеталар 925 сынамды күмістен, массасы 24 грамм, тік төрт бұрышы 30x45 мм, дайындау таралымы – «proof», таралымы – 500 дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар арнайы полиграфиялық ораумен шығарылады.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ «Монеталардың Интернет-дүкені» www.nationalbank.kz ҚРҰБ сайтының интернет – дүкені арқылы сатып алуға болады.

Монеталар 2017 жылғы 29 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қалалық, Орталық, Шығыс Қазақстан және Қызылорда филиалдарында сатылады. 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап Алматы облыстық және Қарағанды филиалдарында, 2018 жылғы 5 қаңтардан бастап Павлодар филиалында, 2018 жылғы 8 қаңтардан бастап Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан филиалдарында сатылады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz